

Темір жол қызметіне арналған тарифтер туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 26 тамыздағы N 1054 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

"1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл жоспары және 1996 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 16 қаңтардағы N 56 қаулысын орындау үшін /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 3, 17-бап/ Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі 1996-1997 жылдары мемлекетаралық және республикаішілік қатынастарда темір жол жүктерін тасымалдауға арналған бірыңғай тарифтерге кезең-кезеңмен өтуді қамтамасыз етсін.

Республикаішілік қатынастардағы темір жол жүктерін тасымалдауға арналған тарифтер:

- I кезең : 1996 жылғы 1 қазаннан бастап - 9 процентке;
- II кезең : 1997 жылғы 1 қаңтардан бастап - 9 процентке;
- III кезең : 1997 жылғы 1 сәуірден бастап - 9 процентке;
- IV кезең : 1997 жылғы 1 шілдеден бастап - 7 процентке;
- V кезең : 1997 жылғы 1 қазаннан бастап - 8 процентке өсірілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі